

Қазтұтынуодағы Қостанай жоғары колледжі жөнінде ақпарат жұмысы

Қазтұтынуодағы Қостанай жоғары колледжінің даярлайтын мамандықтары жөнінде 9-сыныптарда таныстыру жұмыстарын жүргіздім. Сіздің кәсіби мансапқа жолыңыз оқу орнын таңдаған сәттен басталады. Бұл оңай таңдау емес. 65 жылдан астам тарихы бар Қазтұтынуодағы Қостанай жоғары колледжінде ХХІ ғасырдың беделді мамандықтарын алуға болады.

Атап айтсақ колледжде бухгалтерлік есеп, сауда, коммерция, менеджмент, экономика, статистика, құқық, бағалау, халықты әлеуметтік қорғау салаларында кадрлар даярлайды. Колледж мемлекеттік лицензия негізінде жұмыс істейді және халықаралық сапа стандарттарына сәйкестік сертификаты бар. Оқушыларға ақпарат қағаздар таратылып бейнеролик көрсетілді.



